

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотын облыстық және Алматы қалалық соттарын ұстауға қосымша қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 14 желтоқсандағы N 1728

"Қазақстан Республикасы Конституциясы 98-бабының 1-тармағын және "Қазақстан Республикасының соттары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 қазандағы N 2582 U952582_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Таратылған Жоғары төрелік соттың 28842 мың (жиырма сегіз миллион сегіз жүз қырық екі мың) теңге сомасындағы қаражаты, соның ішінде 4810 (төрт миллион сегіз жүз он мың) теңге еңбекақы қоры Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына;

таратылған облыстық, Алматы қалалық төрелік соттарының есебінен облыстық және Алматы қалалық соттарының шығындарын ұлғайту үшін 105954 (жүз бес миллион тоғыз жүз елу төрт мың) теңге сомасындағы қаражат, соның ішінде 30590 (отыз миллион бес жүз тоқсан мың) теңге еңбекақы қоры Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сот органдарын ұстауға 1995 жылға арналған шығындар бойынша тиісті өзгертулер енгізетін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары